



ЕЛБАСЫНАН КЕЛГЕН АЛҒЫС



Қызылорда облысының әкімі
Қ. Көшербаевқа

Құрметті Қырымбек Елеуұлы!
Сізді және бүкіл Қызылорда облысының жұртшылығын Астананың 20 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Тәуелсіз Қазақстанның символы саналатын бас қаламыздың айтулы мерейтойы – барша қазақстандықтарға ортақ қуаныш.

Сарыарқа төсіне қазығын қаққан еңселі елордамызды тұрғызуға бүкіл халқымыз жұмыла атсалысты.

Биыл бас қаланың туған күніне орай «Өңірлердің Астанаға тартуы» жобасы аясында Қызылорда облысы да ерекше сый жасады.

Зымырандық-ғарыштық техниканың ашық аспан астындағы музейі Қазақстанның ғарыш саласында жетекші мемлекеттердің бірі екенін айғақтайтын тамаша тарту болды.

Сыр өңірі жұртшылығының бұл сыйлығы қала тұрғындары мен қонақтары үшін қызықты әрі көрнекті орындардың біріне айналатынына сенімдімін.

Астананы көркейтуге зор үлес қосқан Сізге және бүкіл Қызылорда облысының тұрғындарына шынайы ризашылығымды білдіремін.

Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Н. НАЗАРБАЕВ.

КАСИБИ МЕРЕКЕ

ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ТІРЕГІ

Ел тыныштығын сақтауда қырағылық танытып, бейбіт күннің қорғаны болған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің облыстық департаменті қызметкерлері төл мерекесін атап өтті. Облыс әкімдігінде өткен салтанатты шарада аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев мереке иелерін құттықтап, шынайы лебізін білдірді. Тәжірибелі қызмет атқарып, қол жеткізген оң нәтижелері мен міндеттерін адал орындағаны үшін бір топ қызметкерге Алғыс хат табыстады.



– Ел Тәуелсіздігінің алғашқы жылдарында құрылған арнаулы орган ширек ғасыр ішінде тұрақты жетіле отырып, даму мен қалыптасудың сындарлы жолынан өтті. Комитет құрылымындағы барлық өзгерістер әлемдегі және елдегі ахуалмен тығыз байланысты. Ел тәуелсіздігінің тұғыры берік болуы жолында бастарыңызды бәйгеге тігіп атқарып жүрген адал қызметтеріңізді алар орны ерекше. Бұл жолда батырлық та, батылдық та, тапқырлық та, айлалы ақыл да сіздердің бойларыңыздан табыла білуі қажет, – деді облыс әкімі.

Расында, аталған сала кез келген қатер мен сынаққа шұғыл жауап бере алатын икемді, әрі жоғары дәрежелі қорғанысқа айналған. Елбасы осыған қатысты білдірген өз пікірінде «Ұлттық қауіпсіздік жоқ жерде – мемлекет те жоқ» деген болатын. Өмірін осы салаға арнаған азаматтар тұтас елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі үшін тынбай тер төгіп, ауыр да абыройлы іс атқарып жүр. Олар кез келген марапатқа, сый-құрметке лайық.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,

«Сыр бойы».

Суретті түсірген: **Б.ЕСЖАНОВ.**

МЕРЕИ

АРАЛ ТАҒДЫРЫНЫҢ АҚБЕРЕНІ

Кеше А.Тоқмағамбетов атындағы Қызылорда қалалық мәдениет үйінде «Парасат» орденінің иегері, эколог-публицист Сайлаубай Жұбатырұлының 70 жасқа толуына байланысты шығармашылық кеш өтті. Аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев қаламгерді Сыр жұртшылығының атынан құттықтап, тілектестік білдірді.



арнағанын ерекше атап өтті. – Сайлаубай Жұбатырұлы – қарапайым, ал, табиғатында тым жұмбақ жазушы. Алғаш рет 1967 жылы «Білім және еңбек» журналында «Аралды қайтсек сақтаймыз?» деген проблемалық мақаласымен танылған. Шығармашылық ғұмыры Аралмен байланысқан ол жерлерінің әрдайым рухани демумен келеді. Бұл азаматтық миссиясынан ешқашан айныған емес және оны әлем жұртшылығына таныстырудан да жалыққан кезі жоқ. Бүгінде біреу білсе, біреу білмес, кезінде әлемге әйгілі жиһанғез Жақ Ив Кустоға хат жазып, теңіз мәселесін қозғады. «Кіші Арал» идеясы мен Қазақстан өзендерінің бір бөлігін Арал өңіріне жеткізу туралы батыл ұсыныстары араға жарты ғасырға жуық уақыт салып орындалып жатыр. Бұл қаламгердің уақыт көшінен қашан да озық жүретінін аңғартса керек. Кейінгі жылдары Арал өңірінің өмірін сыр шертетін бірнеше томдық «Абыр-жы» романының әдебиетте тосын сый болуы – біз үшін мақтанш, – деді аймақ басшысы.

Одан кейін жазушыға облыстың Құрмет грамотасын табыс етіп, нығна шапан жапты. Сонымен қатар, Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықованың арнайы құттықтауын жеткізді. Сайлаубай Жұбатырұлының әріптестері, замандастары мен жақындары да онегелі ғұмыр иесіне игі тілектерін арнады. Солардың бірі – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы Қажығали Мұханбетқалиұлы қаламгердің қазақ әдебиетінде өзіндік өрнек салғанын айта келе, Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Ұлықбек Есдәулетұлының құттықтау хатын оқып берді.

Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Күлән Қалымбетова, Шолпан Бимбетова, Нұрболат Темірбаев және облыстық филармонияның вокалистер тобы ән айтып, облыстық театр артистері өлең-жыр оқып, салтанатты шараның сәнін келтірді.

Назерке САНИЯЗОВА,

«Сыр бойы».



ARAL BALYQSHYLARY SLETI

ТЕҢІЗДІ ӨҢІРДІ ТҮЛЕТКЕН БАСТАМА

Соңғы жылдары облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қолдауымен Қамбаш көлінің жағасында Арал өңірі балықшыларының слетін өткізу дәстүрге айналды. Бүгін ауданда төртінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отырған слет аясындағы шаралар бастау алады.



«ҚЫЗЫЛОРДА-МӘСКЕУ» ӘУЕ БАҒЫТЫ АШЫЛАДЫ

Келесі дүйсенбіден, яғни 16 шілдеден бастап «Мәскеу-Қызылорда-Мәскеу» жаңа әуе бағыты өз жұмысын бастайды. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады. Дүйсенбі, сәрсенбі, жұма және сенбі күндері ұйымдастырылатын әуе тасымалы «Аэрофлот» компаниясының А-320/321 «Эйрбас», «Boeing-737» ұшағы арқылы жүргізіледі.



Сонымен қатар, «Байқоңыр-Қызылорда (әуежай)» трансфері де ұйымдастырылады. Биыл мамыр айында «Қорқыт ата» әуежайының қызметкерлерін «Авиациялық аэрофлот мектебінің» мамандары арнайы оқытып, А320/321 әуе кемесінің техникалық қызмет көрсету даярлығы тексеруден өткізілді. Сонымен қатар, облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы Байқоңыр қаласының әкімшілігімен әуе бағытының жұмысын жандандыру мақсатында әуежайға жететін автобус

маршрутын ұйымдастыруды келісті. «Аэрофлот» компаниясы арқылы ұшу басқа әуе компанияларымен салыстырғанда біршама арзанға түседі – деді облыс әкімінің орынбасары Серік Сүлейменов. Айта кетейік, алғашқы рейс билеттерінің көп бөлігі сатылған. Кесте бойынша ұшақтың келу уақыты (жергілікті уақытпен) – 06:10, ұшу уақыты – 07:20. Сатып алған уақытына қарай бизнес-класс билеттерінің бағасы – 167 000, эконом-класс билеттері 26000 теңгеден басталады.

Осыған дейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Асқар Маминнің Қызылорда облысына іссапармен келгендігін хабарлаған болатынбыз. Сапар барысында Асқар Мамин «Роскосмос» корпорациясының бас директоры Дмитрий Рогозинмен кездесті және облыста туризм саласын дамытуға арналған жобалармен танысты.

«Қамбаш» туристік аймағында Қызылорда облысында, оның ішінде «Байқоңыр» ғарыш айлағында туризмді дамытуға бағытталған жобалардың таныстырылымы өтті. Жалпы облыста ғарыштық туризмді дамыту мақсатында «Байқоңыр» туристік аймағын қалыптастыру тұжырымдамасы дайындалған.

Байқоңырда өткен Дмитрий Рогозинмен кездесу барысында ғарыш саласы мен Байқоңыр қаласын дамыту мәселелері талқыланды. Қос тараптың бірлескен әрекеттерінің нәтижесінде ғарыш айлағы мен қаланың әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешу мүмкіндіктері арта түсті.

Осы бағытта «Байтерек» бірлескен зымыран кешенін жүзеге асыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Медицина мәселелері және бизнес-жобаларды жүзеге асыру мен Төретам және Ақай кенттерін дамыту үшін жер телімдерін жалдан шығару жөніндегі келісімдерге өзгеріс енгізу туралы хаттамаларға қол қойылып, Байқоңыр қаласын ұзақ мерзімді дамыту бағдарламасы әзірленді. Айта кетейік, қала әкімшілігі «Роскосмос» мемлекеттік корпорациясының қолдауымен

ҰТЫРЛЫ ҰСЫНЫС ҚОЛДАУ ТАПТЫ



шаарлы абаттандыру, жолдарды жөндеу, тұрғын үйлерді газдандыру жұмыстарын бастады. Өз кезегінде облыс әкімдігі үкіметтің қолдауымен көптеген 5 үйді құрылысын бастады, су құбыры мен кәріз жүйесін коммуналдық меншікке қабылдап, оларды қайта жаңғыртудың техника экономикалық негіздемелерін дайындап, қазақстандық мектептер мен аурухананы газдандырды. Одан бөлек, осыған

дейін Байқоңырдағы қазақ тілінде білім беретін 5 мектеп қазақстандық білім беру стандартына көшкен болатын. Кездесу барысында Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Көшербаев «Байқоңыр» кешенінде Қазақстан мен Ресейдің ынтымақтастығын одан әрі дамытуға қатысты бірқатар ұсыныстар енгізді. Инвестициялар тарту, қала экономикасын әртарап

тамыру және бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында «Байқоңыр» кешенінің аумағында ерекше экономикалық аймақ құру туралы арнайы үкіметаралық келісімге қол қою жайлы деп санаймыз, – деді Қырымбек Көшербаев. Сонымен қатар, облыс әкімі Қазақстан Республикасы және «Роскосмос» мемлекеттік корпорациясы бюджеттері есебінен Байқоңыр қаласының

дамуына жыл сайын бөлінетін қаржы көлемін нақтылау және ҚР азаматтарының балаларын орыс тілінде қазақстандық білім беру стандарты бойынша оқыту және тәрбиелеу мәселелерін қарастыруды ұсынды. А.У.Мамин мен Д.О.Рогозин облыс басшылығы енгізген ұсыныстар бойынша тараптардың мүдделі ведомстволарына тапсырмалар берді.

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ ТИІМДІ ЖҮЙЕ



Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің құрылымына биыл 15 жыл толып отыр. Осыған байланысты сейсенбі күні банктің облыстық филиалында салтанатты шара өтті.

Онда филиал директоры Әділжан Сәулебаев, банк филиалының негізін салушы Жүсіп Тасқынбаев, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Шәріп Әбдірахманов ұжым мен салымшыларды атаулы күнмен құттықтап, ізгі лебіздерін жеткізді. Ал облыстық филармония өнерпаздары ән айтып, би билеп, шараның мазмұнын аша түсті. Сонымен қатар, осы күні үздік қызметкерлер, әлеуметтік жайлау ұйымдастырылған байқау жеңімпаздары марапатталды.

Қазіргі күні аймақта банктің 48 мыңнан астам салымшысы бар. Табысы орташа деңгейдегі азаматтар үшін банк

ұсынған мүмкіндік тұрғын үй алуға тиімді жүйеге айналды. Биыл халықты баспанамен қамтуға бағытталған «Нұрлы жер», «Өз үйім», «7-20-25» бағдарламаларының шарттары жеңілдетілді. Әскери мамандар үшін де тұрғын үй төлемдерін пайдаланып, баспаналы болуға жол ашылды.

«7-20-25» бағдарламасы бойынша екінші деңгейлі банктің ипотекалық үстемесі 7 процент болса, біздің банк 3-5 жылда қажет қаржының тең жартысын өтеген жағдайда оны 5-тен 3,5-4,5 процентке дейін төмендетеді, – дейді филиал директоры Әділжан Сәулебаев.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

ТАЛАПҚА САЙ ТАБЫСТЫ КӘСІПОРЫН

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» партиясы депутаттық фракциясының мүшелері Абзал Ералиев, Бақытбек Смағұл, Геннадий Шиповских аймаққа сапары барысында Жаңақорған ауданындағы СКЗ-І күкірт қышқылы зауытының жұмысымен танысып, ұжыммен кездесті.

«СКЗ-І» зауыты – күкірт қышқылын дайындайтын Сыр бойындағы ауқымды өндіріс орындарының бірі. Қоршаған орта үшін қауіпсіз озық технологияларды қолданатын зауыт мемлекеттің индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы аясында 2011 жылы пайдалануға берілген. Тәулігіне – 1500, жылына 500000 тонна күкірт қышқылын өндіреді. Бүгінде мұнда 277 адам жұмыс істейді.

Сондай-ақ, зауытта өнім өндірудің қуат үнемдеуші әдістері де кең қолданыс тапқан. Яғни, қышқылды өндіру барысында шығатын булы турбогенераторлар арқылы электр энергиясын өндіруге қолданып отыр.

Мемлекет басшысы Үкіметке энергия үнемдеу саласында жалпы ішкі өнімді үнемдеуді 2020 жылға қарай 25 процентке төмендету бойын-

ша міндет жүктеген болатын. Бұл бағыттағы жұмыстарда біздің кәсіпорынның қосыл отырған үлесі қомақты. Яғни, зауыт қышқылды өндіру барысында шығатын бұдан сағатына 18 мВт электр энергиясын өндіреді. Бұл зауытты электр энергиясымен қамтып қана қоймай аудандық электр желісіне де арзан энергия ұсынып отыр, – деді зауыт басшысының орынбасары Сәулебек Дүйсенбеков.

Зауыт жұмысымен танысып, ұжым мүшелерімен кездескен халық қалаулылары зауыт жұмысына өз ризашылықтарын білдірді.

Уранның әлемдік қорының үштен бірінен астамы біздің елімізде шоғырланған. Оны өндіруде күкірт қышқылының рөлі зор. Бұрын еліміз күкірт қышқылын алу үшін өзге елдерге тәуелді болса, енді бәрі керісінше. За-



уыт толық қуатында, тұрақты жұмыс істеп тұр. Алдағы уақытта күкірт қышқылы еліміздегі уран өндіретін кәсіпорындарда ғана емес, өзге де салаларда кеңінен

қолданылатын болады деп сенеміз, – деді ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Бақытбек Смағұл.

Мәжілісмендер сондай-ақ тұрғындардың өтініштерін

тындап, Елбасы Жолдауы мен 5 әлеуметтік бастамасын туындайтын міндеттердің жүзеге асырылу барысын кеңінен айтып өтті.

ТЕҢІЗДІ ӨҢІРДІ ТҮЛЕТКЕН БАСТАМА

Тоқсаныншы жылдардағы теңіз тақсиретін көрген балықшы қауым бұл шара тоқыраған балық шаруашылығы саласын қолдаудың батыл бастамасы деп бағалайды. – Арал теңізінің тартылып, түпсіз айдындың шөлге айналған сол бір қасіретті шағында балық аулау кәсібі мүлде тоқырап, жұмыссыз

қалған жандар көбейді. Теңіз беткейінен үдерге көшкендердің қатарында менің де отбасым бар еді. Талдықорған қаласына қоныс аудардық. Жұмыс та табылды. Деседе, ата қонысымыз, киелі теңіз ойымыздан шықпады. Ақыры елге қайтадан көшіп келдік. Балық аулау саласында еңбек жасап, зейнеткерлік демалысына шықтым. Кезіндегі дәстүрді жаңғыртқан балықшылар

слеті – оң бастама. Осы арқылы шаруашылықтың беталысы айқындалып, алдағысы жобаланады, – дейді байырғы балықшы Шархан Орынбаев. Шын мәнісінде «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» (САРАТС – І) жобасы Сыр өңіріне, оның ішінде Арал аймағына соны серпін, тың өзгерістер әкелді. Елбасымыз Нұрсұлтан

Назарбаевтың бастамасымен салынған «Көкарал» бөгеті, өзге де қуатты нысандар теңіз жағалаған елдің өмірін жаңа белеске көтерді. Ата-бабадан мұраға қалған балық аулау саласы қайта қарқындалып, кәсіптің тынысы кеңейді. САРАТС жобасының алғашқы кезеңінің жүзеге асуы өңірдің экологиялық, халықтың әлеуметтік-экономикалық ахуалын оңалтуға ауқымды

әсерін тигізді. Теңіз суының тұздылығы төмендеп, балық қоры молайды. Айдың Арал қаласына біршама жақындады. Сырдария өзенінен Солтүстік Арал теңізіне құйылатын судың көлемі ұлғайып, көптеген ірі көлдер қалпына келе бастады. Балық шаруашылығы жанданып, теңізде бұрын жойылып кеткен балықтың 14 түрі қайтадан пайда болды. Балық аулау

көлемі екімыңыншы жылдармен салыстырғанда 20 есеге көтерілді. Аудан аумағында балық шаруашылығы үшін маңызды Кіші Арал теңізінің 18 учаскесі, Сырдария өзені мен 20 көл бар. Биылғы жылға Кіші Арал теңізінен, Қамыстыбас, Ақшатау, көлдер жүйесінен, аудан бойынша балық аулау лимиті 6919 тонна болып бекітілді.

Оған қоса теңіз төскейінде жылдық қуаттылығы 18900 мың тоннадан астам 7 балық өңдеу зауыты жұмыс жасайды. «Арал балық өңдеу зауыты», «Арал СДО», «Камбала балық», «СДО Қарашалаң» ЖШС-ның балық өңдеу зауыты және өзен сағасындағы көлдер сумен қамтамасыз етіледі. Балық аулау көлемі 30000 тоннаға жетіп, балық шаруашылығы саласында жаңадан 3 мыңға жуық жұмыс орны ашылады. Теңіз айдыны бұрынғыдай Арал қаласының іргесіне келеді. Су айдынынның алаңы елді мекендерге жетеді. Теңіздің кеуіп қалған ұлтанын ұшқан шанды тұздар азайтып, туризмді дамытуға жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

бригадасында төрт жүзден астам адам жұмыс істейді. Олар кемелермен құрма ау, жылым, кермешелермен қамтамасыз етілген.

Балық аулау көлемінің өсуі балық өңдеу саласының дамуына мүмкіндіктер жағдайын белгілі. Аудандағы балық аулайтын шаруашылықтар мен балық өңдеу кәсіпорындарында мыңдаған адам жұмыспен қамтылды. Ал «САРАТС» жобасының екінші кезеңі жүзеге асырылса, Арал өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына оңды әсер етеді. Ондай жағдайда Арал теңізінің солтүстік бөлігіндегі және өзен сағасындағы көлдер сумен қамтамасыз етіледі. Балық аулау көлемі 30000 тоннаға жетіп, балық шаруашылығы саласында жаңадан 3 мыңға жуық жұмыс орны ашылады. Теңіз айдыны бұрынғыдай Арал қаласының іргесіне келеді. Су айдынынның алаңы елді мекендерге жетеді. Теңіздің кеуіп қалған ұлтанын ұшқан шанды тұздар азайтып, туризмді дамытуға жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ. Арал ауданы.



SARAPТAMA

Сарапшылардың соңғы зерттеулері нәтижесіне сүйенсек, әлемдегі 1 пайыз өте дәулетті адамдардың табысы өзге халықтың жиынтқы табысының көлеміне теңесіп қалды. Әлемдік дағдарыстан кейін 2015 жылы бүкіләлемдік жалпы ішкі өнім 3,1 пайызға ғана өссе, сол уақытта ең бай адамдардың табысы 2010 жылдан 13 пайызға артқан. Көптеген сарапшының пікірі осы экономикалық сын-қатер ең негізгі қауіп – ғаламдық экономиканың өсіміне нұқсан келтіреді дегенге саяды. Осы орайда Қазақстан Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының ғылыми қызметкері Б.Садықов орнықты пікір айтады. Әлемдік экономикалық форум бұл сын-қатерді түбегейлі зерттеу мен оның әсерін азайту үшін арнайы құрылымдық реформалар қажет екенін атап көрсетті. Осыған орай капиталистік қағидаларды реформалау халықаралық деңгейдегі күн тәртібінде тұрған өзекті тақырып екенін байқап отырмыз.

БҮГІНГІ ӘЛЕМ және ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ

Қазақстан қазір әлемдегі қызу бәсекелестік жағдайында дамыған елдердің отыздығына кіруге бағытталған стратегияны сәтті жүзеге асырып келеді. Сарапшылардың пікірінше, соңғы жылдары елдегі көлік-логистикалық инфрақұрылым жақсы дамып, индустрияландыру қарқын алып келеді. «Қазақстан – 2050» ұзақмерзімді стратегиясында негізделген құрылымдық реформалардың арқасында 200 мыңнан аса жұмыс орны ашылып, жалпы ішкі өнімнің 2017 жылғы өсімі 4 пайызды құрады. 2018 жылдың алғашқы жартыжылдығындағы көрсеткіш те осы шамалас болады деп күтілуде.



кездесіп жатыр. Өзара сауда санкциялары металдардың әлемдік құнына кері әсерін тигізеді. Осыған байланысты Қазақстан әлемдік жағдайды жіті қадағалап, металлургия саласындағы өнімділікті арттыруы қажет.

Сондай-ақ, сарапшы, әлемдік сын-қатерлерге қайта орала отырып, әлемдік жасыл және цифрлы экономика нарығы әлемдік экономика құрылымындағы үлесін арттыруға бағытталған серпінді идеяларды қажет етіп тұрғанын атап өте кетеді деп санайды. Алайда, осы сын-қатерлердегі бейімделу – бәсекеге қабілеттілікті сақтауға қажетті шара. Цифрландыру бағытында Қазақстанның жеткен нәтижесі жаман емес. Біздің ел еуразиялық кеңістікте алғашқылардың бірі болып электронды үкімет жоба-

сын қолға алды, сондай-ақ интернет инфрақұрылымы 5 жыл бұрынғы көрсеткіштермен салыстырғанда, әлдеқайда жақсарған. Мәселен, 2017 жылы 4G мобильдік интернетімен халықтың 70 пайызы қамтылған. Дегенмен, Қазақстанның атқарар шаруасы әлі де көп, өйткені өзге елдер де орнында тұрған жоқ. Мәселен, Жапония сынды технологиялық тұрғыда жақсы дамыған елде, жапондық компаниялардың белсене қатысуымен «Цифрлы қоғам 5.0» тұжырымдамасы қарқынды түрде жүзеге асырылуда.

Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы Оразғали Селтеуовтің пікірінше, қазір цифрландыру мұнай саласына шоғырландырылуы нарығын түбегейлі бетбұрыс күтіп тұр. Қуатты пайдалану көлемі 1,5 есе ұлғаяды. Алайда мұнайдың қуат көздері құрылымындағы үлесі 26 пайызға дейін төмендейді. Салыстыру үшін айтсақ, 2010 жылы бұл көрсеткіш 33 пайыз болды. Дегенмен, мұнай сұранысқа ие шикізат көзі болып қала береді. Қазақстан бюджеті кіріс бөлігінің 30-40 пайызы мұнай жобаларынан түсіп отырғанын түсінуіміз керек. Бұл ретте дәл осы экономикалық сала мен онымен байланысты салалардың тиімділігін арттыру мәселесі туындайды. Сондықтан экономиканың еңбек өнімділігін арттыру мен өнімнің өзіндік құнын төмендетуі тиіс цифрландыруға бағытталған векторы – дәл осы секторға шоғырлануы керек.

Қазақстан бірқатар сарапшылардың пікірінше, қайта қалпына келетін энергия көздерінің қолданыс аясын кеңейтуге қатысты бағытты дамытуды айқындап қойған. 2050 жылға қарай, қайта қалпына келетін қуат көздері елдегі өндірілетін жалпы электр энергияның 50 пайызын қамтамасыз етуі тиіс. Алайда, бүгінгі күні қайта қалпына келетін қуат көздерінің жалпы үлесі төмен болып тұр.

Кез келген геоэкономикалық фактор мен әлемдік державалар арасындағы қарым-қатынастың нашарлауы еуразиялық кеңістіктегі және аймақтағы сауда-экономикалық қатынастарға әсер ететіні анық. Қазақстанның әлемдік және аймақтық сауда-саттық жүйесіне мықтап енгенін ескерсек, алпауыт елдер арасындағы бұл құбылыстың бізге тигізер ықпалы болады. Кез келген санкциялық тегектірестер сауда-саттықтың тиімділігі мен табыстылығын төмендетіп, кедергі келтіреді. Ресейге салынған санкциялар қазақстандық бизнес үшін кешенді сын-тегеурін болып тұр. Оның әсері санкция салынған ресейлік компаниялармен тығыз қарым-қатынас орнатқан отандық кәсіпорындар үшін тәуекелді артуынан білінеді. Бұл ретте Ресейге салынған санкциялар ұзақмерзімді, олар уақыт өткен сайын артып отырады. Нәтижесінде, санкциялардың кезекті бір толқыны қазақстандық бизнесінің тиімділігі түрде жанап өтеді. Екінші жағынан қазақстандық компаниялар түсетін зиян мүмкіндіктер пайда болады: экспортқа шығатын тауарлардың қатарын көбейтіп, ресейлік импорт амастыру бағдарламасына қатыса алады. Бұл алдағы уақытта экономиканы әртараптандыру бағытындағы маңызды қадам болып саналады.

Ең алдымен мәселе Қазақстанның негізгі экспорт тауары болып табылатын минералды ресурстар мен мұнай бағасының құбылуын ескере отырып, экономиканы әртараптандыру туралы болып отыр. Алдағы 20 жылда энергия тасымалдаушылардың әлемдік

мақсат-міндеттері айқын. Қазіргі таңда «Қызылорда медициналық колледжі» атауы «Қызылорда медициналық жоғары колледжі» болып өзгертілді. Қызылорданың талай орта буын медицина мамандарын тәулетіп ұшырған оқу орны бұл мәртебеге лайық.

Бүгінде оқу орны сонымен қатар орта буын медицина бакалаврларын дайындауда. Енді мұнда жастар колледжді бітіргенін білімдерін жалғастыра алады. Өзінің даму тарихында Қызылорда медициналық жоғары колледжі әр белесте белгілі бір міндеттерді алға қойып, оларды абыроймен атқарып келеді. Болашақта іргелі оқу орнын әлі талай үлкен белестер күтіп тұр деп нық сеніммен айта аламыз.

Әльмира НҮРПЕЙІСОВА, Қызылорда медициналық жоғары колледжінің оқытушысы.

КӨКІЛЕК

Биылғы жыл біз үшін ерекше кезең болып тұр. Еліміздің тұңғыш астанасы болған Қызылорда қаласына – 200, ең алғашқы медициналық білім беретін іргелі оқу орны – Қызылорда медициналық жоғары колледжіне 90 жыл тоғалы отыр. Тарихы терең Қызылорда медициналық жоғары колледжі өңіріміздегі кәсіби маман дайындайтын бірден-бір оқу орны.

Бұл оқу орны бүгінде республикамыздағы сапалы білім беретін іргелі білім ошағанның бірінен саналады. XX ғасырдың 20-30 жылдарында ашылып, сол дәуірде үлкен әлеуметтік-саяси маңызды білім ордасы болды. Қызылордада медициналық білім беру, осы өңір үшін қадр дайындау ісінің барлығы да 1928 жылы ашылған «Аймақтық акушерлік техникумның» медицина мамандарын дайындайтын бесжылдық мектептен басталды. Сондықтан да бүгінгі күні тоқсан жылдығын мерекелегілі отырған Қызылорда медициналық жоғары колледжін Сыр өңіріндегі медициналық кадр дайындау мектебінің іргетасы, негізі деп атауға әбден болады. Қаншама орта буын медицина мамандарын ең алғаш білім нәрімен сусындатқан оқу орнының өңірдің денсаулық сақтау саласына қосып келе жатқан үлесі орасан. Бірегей оқу ордасы талай қарақөздердің болашағына сенім ұялатты, үміт отын жақты, үлкен өмірге жолдана сыйлап, 30 мыңнан астам орта буын білікті мамандарды тәулетіп ұшырды. Олар қиян түкіріп, шалғай ауылдардан бастап бүкіл облыс, тіпті республика халқының денсаулығын сақтауға үлестерін қосты. Алдыңғы буынның ісін кейінгі толқын жалғастырып, адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін аянбай күресіп, адал еңбек етіп келеді. 1932 жылы ең алғашқы түлектер сол кезеңде өршіп тұрған түрлі жұқпалы аурулармен күресті. Одан кейінгі түлектер қызметі Ұлы Отан

БІЛІМ АРАЛЫНДАҒЫ ТОҚСАН ЖЫЛ

соғысымен қат-қабат жүріп, кәсіби маман ретінде майданда шыңдалды. Ұлы Отан соғысына барлық секілді ерікті түрде қатысып, жаралыларды соғысқа және өндіріске қайта қосуда тер төгіп, ерлік жасады. Солардың ішінде оқу орнының 1939 жылғы түлегі, соғыстан кейінгі қызметін әскер қатарында жалғастырған, қазақтың алғашқы генералдарының бірі 18 жыл бойы Қазақ КСР Ішкі істер министрінің орынбасары болған Нұролла Әлмағанбетов күллі облысымыздың мақтанышы, республикамыздың мәртебе тұтар ардагері. Майданнан аман оралғаннан кейін институт бітіріп, көп жылдар бойы жүйке-психика аурулары диспансерінің бас дәрігері болған Тұрсынбай Әшімов, әскери дәрігер болып істеп, 20 жылдан аса облыстың медицина қызметкерлері кәсіподағын басқарған Кеңесбай Қалиев ағаларымыз өздерінің алғаш ұшқан ұясымен қарым-қатынасты үзбей, оқушылармен жиі кездесіп, ақыл-кеңесі мен естеліктері арқылы болашақ маман кадрлар тәрбиесіне өлшеусіз үлес қосып келді.

Соғыстан кейін еліміз шұғыл түрде халық шаруашылығын қалпына келтіру шараларына жоспарлы түрде көшірілді. Осы жылдары білім алып, облыс медицинасын қалыптастырып, дамытқан буын өкілдері арасында, Ерниз Омаров, Шәріпбай Әліназаров, Варлен Исаев, Базарбай Атабаев сынды мамандар болды. Оқу орнының 50-ші жылдардағы түлектері маман ретінде аймақ медицинасының алға басына үлес қосты. Облыс медицина мекемелеріндегі білікті мамандар, мекеме басшылары Д.Шек, Т.Жүнісқұлов, А.Әбдібаев, С.Майлыбаев, Б.Жүнісқұлов, С.Сәрсенбаев, Е.Бейсетаев, К.Оразбахов, Қ.Менбаев, Ә.Шамкеновтер оқу орны мақтанышы.

Қазіргі уақытта колледждегі «Ру-

хани дамыту» орталығының меңгерушісі А.Ш.Шарапатовтың басшылығымен оқу орнын бітіріп, еліміздің денсаулық сақтау саласына елеулі үлес қосқандарды «Мақтан тұтар түлектеріміз» атты жинаққа енгізу жұмыстары жүргізіліп, деректер жинастырылуда.



Колледждің қазіргі тыныс-тіршілігіне келетін болсақ, өзінің іскерлігі мен жаңашылдығын көрсетіп отырған Салтанат Тасмағамбетованың басшылығымен оқу-тәрбие ісіне серпіліс беріліп, тың жаңалықтар енгізілуде. Білім мен тәжірибені арттыру – уақыт талабы. Бұл жолда білім ордасының

Бүгінде оқу орны сонымен қатар орта буын медицина бакалаврларын дайындауда. Енді мұнда жастар колледжді бітіргенін білімдерін жалғастыра алады.

Өзінің даму тарихында Қызылорда медициналық жоғары колледжі әр белесте белгілі бір міндеттерді алға қойып, оларды абыроймен атқарып келеді. Болашақта іргелі оқу орнын әлі талай үлкен белестер күтіп тұр деп нық сеніммен айта аламыз.

Әльмира НҮРПЕЙІСОВА, Қызылорда медициналық жоғары колледжінің оқытушысы.



ЖАЗҒЫ ТАНЫМДЫҚ МЕКТЕП

Жазғы танымдық мектеп – оқушылар үшін ең пайдалы әрі тиімді демалыстың бірі. Қызылорда қаласындағы Оқушылар сарайы жанындағы балаларға арналған танымдық мектеп осының айқын дәлелі. Салауатты өмір салтын қалыптастырып, балалардың танымдық деңгейін арттыратын шара жаз мезгілінде 12 күн бойы үш ауысым бойынша жұмыс істейді. «Жазғы уақытты тиімді пайдалану мақсатында спорттық, интеллектуалды, мәдени-танымдық сынды сан бағыттағы іс-шаралар мен ойындар жоспарлаймыз» – дейді топ жетекшілері. Кез келген мектеп оқушысы үшін жазғы мектептің есігі әрдайым ашық. Күн сайын таңертең шараның ашылу салтанатында таңғы жаттығу жасайды. Кейін топ жетекшілері балаларды спорттық жаттығулар мен ойындар арқылы тынықтырып, қаланың көрікті жерлеріне саяхат жасатып, демалыс паркінде ойындар ұйымдастырады. Бала-

лар қызықты мультфильмдер тамашалай алады. Сондай-ақ, мұндағы оқушылар күнделікті дәруменді тағамдармен түстенеді. Қызықты шаралардың бірі – танымдық-интеллектуалды ойындар. Мұндай бағыт – жаңа технологиялық, мультимедиялық әдістер арқылы жеткіншектердің шет тілдерін үйренуіне көмек береді.

Балалық шақтағы ұмытылмас естеліктер жазғы демалыстармен байланысты. Жеткіншектер жазғы уақытты дұрыс пайдаланып, ортаға бейімделуді үйренеді. Мұны ата-аналардың да қолдайтыны анық. Балалар ұстаздары А.Асылбекқызы, С.Баймағамбетова, С.Қалабай, А.Осерова, Ф.Омарова апаайларына дән риза.

Айнұр МАХАМБЕТОВА, Оқушылар сарайының педагогы.

ОИТАЛҚУ

ӨСИЕТКЕ АХМЕТТЕЙ АДАЛ БОЛСАҚ

Қазақтың тіл білімін, төл жазуын қалыптастырған ғалым Ахмет Байтұрсынұв өте күрделі де тағлымды тағдыр иесі. Әкесі Байтұрсын ояз бастығы, полковник Яковлевтің елге салған ылаңына шыдамай басын жарғаны үшін екі інісімен бірге 1885-жылы жиырма бес жылға Сібірге айдалады. Солта тіл білмегендіктерін қорғана алмайды. Кетіп бара жатып баласы Ахметке: «Балам, аш болсаң да, жалаңаш қалсаң да, оқы» деп әрі өкінішін, әрі өсиетін айтады.

Ахмет әуелі Торғайдағы орыс-қазақ мектебінде, одан Орынборда оқиды. Сол кездегі заман ағымынан орысшылдық пен отаршылдықтың белең алып бара жатқанына көз жеткізеді. Өзімен қатар оқығандар тілмаш болып, болыс болып, қалай да пайда табуға, билікке жету-ге ұмтылады. Ахмет олармен бітпесейді. Талан-таража түскен жер мәселесін, ұлттық таным негізінде жүргізілмейтін білім мәселесін қозғап, Ресей министрлігіне петиция жазады. Осы жолда жүріп, 1907 жылы алғаш рет сотталады. Мұнан кейін де бірнеше рет қуғындалып, 1929-1931 жылдары Мәскеу Бутыркасында отырады. Кейін ол жерден Горькийдің зайыбы Е.П.Пешкованың көмегімен шығып, 1937-жылы ақыры ату жазасына кесіледі.

Оны қуғынға салғандар өз жанында жүргендер еді. Ахметтің бұл жайында: «Қинамайды абақтыға жапқаны, Қиын емес, дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен.

Өз аулымын иттердің қапқаны» – дейтін өлеңі бар. Ахметтің көптеген өлеңдері ол ақталмай тұрғанда-ақ елдің аузынан түспей, айтылып жүреді екен. Соның бірі – мынау.

Ахметтің зайыбы Александра Ивановна дейтін орыс қызы болған. Бірде ауыл молдалары: «Ахмет, орыс келіннің аты кім?» – деген кекесін сұрақ қойса керек. Сонда Ахан: «Зайыбым Александра Ивановна, Ризамын құдайдың қиғанына. Бір кәріпті мұсылман қылған ісім, Тұрмай ма, он молданың иманына» – деп жауап беріпті.

Әрине, біздің негізгі сөз етпегіміз бұлар емес еді, бірақ Аханның аты аталып, ойға түскен бұл жайттардан да аттап кете алмадық.

Бүгінгі күні көп әріптестеріміз – теледидар, газет журналистері өздерінің негізгі міндетін ақпарат беру деп есептеп, сөз бен сөйлемнің құрылымына, оқылымына, айтылымына аса мән бермейтін болып бара жатыр. Наубайшының негізгі шикізаты үн мен су, құрылысшының негізгі құралы кірпіш пен балшық екені анық, сол сияқты журналистің негізгі қаруы ақпарат емес, сол ақпаратты жеткізетін сөз екенін ұмытып кетеміз.

Мәселен, «Бұл жайлы жиын үстінде ол өз ойын бөлісті» деген сөзге мән берсек, осы жерде біріншіден сөйлем, екіншіден ой жүйесі дұрыс емес. Дұрысы – «Пәленше бұл жайындағы ойын жиын үстінде айтып берді». Кейінгі жас әріптестеріміз осы бір «бөлісу» деген сөзге үйір болып алған. Олардың кейіпкерлері тәжірибесін, ойын, әсерін эмисе бөлісіп жүрген бір мырзалар. Бұрынғырақ «бөлісу» сөзі «қуанышты бөлісу», «пышақ үстінен бөлісу» мағынасында ғана кездесетін. Қазір ол екі сөздің біріне тіркесіп жүр. Шындығында осы сөзді кейінгі буын әріптестеріміз қалыптастырды. Телестан хабарларында айтылып, газетте көрініп қалатын тағы бір мысал: «Сен ауылға келесің бе?» «Келемін». Осы диалогта сұраушыға «Барамын» деп жауап берілуі керек. Қазақ тіліндегі «Шақ категориясын» еске түсіріңіз. «Барамын» етістігі келер шақ, яғни іс-әрекеттің сөйлеп тұрған сәттен кейін болатынын білдіреді. «Келемін» сөзі ауыспалы осы шақ, Жарайды, бұл ережені ойдан шығып кетті деп есептейік. Логикаға, қазақша айтқанда ой жүйесіне жүгінуге болады ғой. «Келу деген осы жерден, іздеушінің қасынан табылу. Мен ауылға қалайша келе аламын, ауылға барамын ғой». Осылай ойласаңыз, қате жазуға немесе қате сөйлеуге ұрынбайсыз.

Сонымен бірге баспасөз тілінің жұтан тартып бара жатқанына жанымыз ашиды. Стил қалыптаспаған, сөз сүзгіден өткізілмеген мақалалар бәзбір ақпарат құралдарының ең үлкен мәселесі болып отыр. «Неме-не стиль деген, кәмпит пе тістелмеген» деп еді әр зәлкіой інім. Сол айтпақшы, біз мәселе көтеруді үйренсек те, сөзді тәттілеп беруге келгенде «сараңбыз».

Егер Ахмет Байтұрсынұвтың еңбектерін оқысақ, онда – әсірелеудің, бейнелеудің, бүкпелеудің, кескіндеу, мергеу, теңеудің не екенін біршама біліп, танып қалар едік.

Осыдан екі-үш жыл бұрын аға буын әріптесім Ж.Ақсақалұлы «Қайта оралшы, Ликбез» деген ойыртқы жазып, бүгінгі баспасөз беттеріндегі мақалаларды сынга алып еді. Айтса айтқандай-ақ, көбіміз ресми хабарламалардағы цифрды дөңгелектей алмаймыз. Оқырман үшін нақпа-нақ цифр дерегі қажет емес. Мысалы: «29998,0 млн» деп жазған тілші осыны «отыз миллионға жуық» деп жазса, ештеңеден қателеспейді. Сондай-ақ, қысқарған сөзге қосымша жалғау да кейінгілерге біраз басақтырғыш болған сияқты. «КМУ-нің студенті» немесе «ЖШС-ті» дейтін тіркестерге ұшырасқанда бетгімізді басатынымыз ра. Біріншіден, қосымша қысқарған сөздің сол кездегі тұлғасына, соңғы әріптің дыбысына сәйкес жалғанады, яғни, «КМУ-дың» деп оқылады. Демек, қысқарған сөзді сөйлем ішінде тарқатып оқудың қажеті жоқ. Егер қосымша сөздің тарқатылған тұлғасына жалғанса, «ЖШС-ті» деген сияқты жағымсыздық туады.

Осылар сияқты «қор» жалғауының да түбірдің жуан, жіңішкелігіне қарамастан, жағымсыз кейіптегі сөздерге ғана жалғанатынын жақсы түсінуіміз керек. Мысалы «өсімқор», «бөлекор», «парақор» деген сияқты. Ал, біз «еңбекқор кісі» дейміз», дұрысы – «еңбеккер кісі».

Бәрімізге мектептен белгілі, сан есімге көптік жалғауы жалғанбайды деген ережені де ұмытып кеткенбіз. «Жиынға жүзден аса мүғалімдер қатысты», осы сөйлем дұрыс жазылғанда «жиынға жүзден аса мүғалім қатысты» болуы керек. Осы сияқты сөйлемнің бірінғай мүшелеріне жалғанған көптік жалғау да сөз мағынасын бұзады.

Азғантай сөзбен сабақ үйретуді ойлап отырған жоқпыз, Ахметтің өсиетке адалдығына таңғалып отырмыз. Әкесі «аш болсаң да, жалаңаш қалсаң да, оқы» деп еді, бүгінгілерге де, келер ұрпаққа да азық болар таудай ілім үйіп кетті. Ал, бізге сол қазының рахатын көру міндеті ғана қалды. Сіз осы мол қазының жауһарына жақыннан көз тоқтаттыңыз ба?

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы».

Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігі Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2018 жылдың III тоқсанына арналған жеке және заңды тұлғалардың оқилдерін жеке қабылдау кестесі

Table with 5 columns: T.A.Ә, Атқаратын лауазымы, Қабылдау күні, уақыты, Мекенжайы, Байланыс телефоны. Rows include Kystaubayev Kabylbek, Stamkulov Berik, and Enuaruly.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңдары талаптарының буынына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында Департаментте арыз-шағым жасіші орнатылған, сонымен қатар «Сенім телефоны» 8 /7424/ 26 47 17 жұмыс жасайды.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Ы.Жақаев көшесі №5. Электрондық пошта: kyzylorda.prombez@mid.gov.kz

КІРПІШ САТЫЛАДЫ. Қызылорда қаласында украиналық құралмен жабдықталған M-125 маркалы қатпарлы кірпіш сатылады. Байланыс тел.: 8 701 335 96 50, 8 777 058 24 69.

QYZYLORDA-200

«АҚМЕШІТ – ПЕРОВСК – ҚЫЗЫЛОРДА»

Төсінші съезі

1925 жылы 15 сәуірде Ақмешіт қаласында бүкіл Қазақстан еңбекшілері өкілдерінің басын қосқан Қырғыз (Қазақ) АКСР кеңестерінің V съезі салтанатпен ашылды.

Съездің күн тәртібіне КСРО-ның халықаралық және ішкі жағдайы, Орталық Атқару Комитеті мен Халком Кеңесі президенттерінің есепті баяндамалары, ауыл шаруашылығының жағдайы, Халық ағарту ісі, қаржы саясаты және салық, Кеңестік құрылыстың жаңа міндеттері туралы мәселелер қойылды.

Съезде екі ұсыныс қызу қолдау тапты. Олар – Ақмешіт қаласының атын Қызылорда деп өзгерту, екіншісі және ең бастысы – бұған дейін ресми жазбаларда «қырғыз» болып жазылып келген ұлт атауын қайта қарау.

Бірінші съездің стенографиялық есебін қараған жазушы Б.Қойшыбаев Сұлтанбек Қожановтың бұл ұсыныстарды орайын келтіре отырып жария еткенін айтады. «Төрағалық етуші үндеу мәтінін оқыған соң, делегаттар оны қызу қол шалапалақтап қуаттады. Осы кезде Қожанов сөз алады да былай дейді: «Бізде осы уақытқа дейін бір түсінібестік боп тұр. Киргиздер өздерін қазақпыз деп атайды. Мұны олар орыс қазақтарынан көшіріп алған жоқ, бағзы заманнан «қазақ» деп аталатын. Көшпенділердің алғашқы одағы «қазақ» делінетін, сондықтан орыс қазақтары осы атауды өздеріне бізден көшіріп алған деп ойлауға болады. Енді қазақ – «қазақ» деген сөздің орысшасы «киргиз» болар деп ойлайды. Декларацияда «Киргиз Республикасы» деп айтылған, ал Тоқжігітов жолдас оны оқығанында «Қазақ Республикасы» деп атады, яғни бұл – аударма. Бұл ескіліктің қалдығы екенін білетіндімізден, мұны зерттеу керек. Бәлкім тәржімашылар, отаршыл күштерге жағынып, қазақтарды осылай атаған болар.

Айтпақшы тағы, киргизді (яғни нағыз қырғызды) қара-киргиз (қара-қырғыз) деп те атайды. Бірақ бұл қара-киргиз емес, оларды орыстар солай атаған. Біз жәй ғана қазақтармыз, ал қырғыздарды қазақтардан ажырату үшін оларды қара-киргиз деп атаған. Енді болашақта киргизді қазақ деп, ал республиканы Қазақтікі, яғни Қазақстан деп атауды заңдастыру керек. Мен осы атауды бекітіп, соншалықты әдемі емес таңбаны жуып тастауды ұсынамын. Кеңестердің Бірінші Бүкілкіргиз съезі «қазақ» атауын киргиз халқының аталымына және «Қазақстан» атауын Киргиз Республикасына беруді заңдастырсын».

Қожановтың ұсынысын залдағылар қуаттап, қол шалапалақтады. Шапалақ дыбысы басылғанда С.Қожанов тағы да сөз алды да «Ақмешіт қаласы патша үкіметі жаулап алғанға дейін Ақмешіт аталатын. Патша өкіметі кезінде граф Перовскийдің құрметіне Перовск боп өзгертілді. Революция оған қайтадан ескі атауын берді. Бұрын қалай аталса да, ол артта қалған, қатардағы жұпны қала болатын. Кеңестердің Бірінші съезін біз Қазақ Республикасы ғұмырындағы күрт бетбұрыс деп санаймыз. Бұл съезді біз бірінші Съезд деп атаймыз. Бұл съездің Қазақ Республикасының жаңа орталығы Ақмешітте өтуі де оның мәнін арттыра түседі. Сөйтіп жұпны Ақмешіт қалашығы Қазақ Республикасының орталығына айналып отыр. Қаланың мән-мағынасы ауысуына байланысты, мен осы қаланың атын таза қазақы атауға өзгертсек деген ұсыныс енгізсемін. Бұрын хандық құрылымдардың орталықтары болатын, мысалы, Ақ Орда дейтін. Атақты



хан өз орталығын Көк Орда деп атаған. Ал біз өз орталығымызды Қызыл Орда деп атай аламыз. Мен орталығымыз Ақмешітті (Перовскті) бұдан былай Қызыл Орда деп атауды ұсынамын» деді.

Бес күнге созылған съезд «бұдан былайғы жерде «киргиз» деген атау «қазақ» болып ауыстырылсын, «Киргиз Республикасы» «Қазақ Республикасы», ал оның астанасы Ақмешіт – Қызылорда болып аталсын» деген қаулы қабылдайды. С.Қожанов Ақмешіт атауын Қызылорда деп өзгертуде «орда» сөзін дәстүрлі мемлекеттің ұғымында емес, жаңа қоғам орнатқан ұлттың астанасы мағынасында қолданды.

Осы жайында Қазақстан еңбекшілеріне «үлкен қиыншылықтардан өттік. Езушілерге қарсы ауыр күрестен өттік.

Азамат соғысының ауыр жылдарынан өттік. ҚАССР-ін құрып, нығайту жөніндегі тарихи дәуірден өттік. Ал алдымызда әлі көп іс, творчестволық көп жұмыс тұр, қиыншылықтар да аз емес. Алдымызда Қазақ республикасын экономикалық жағынан көркейтеу дәуірі тұр, еліміздің өндіріс күштерін көтеру жолында, ҚАССР-ін мекендейтін барлық еңбекшілердің материалдық алдауы мен мәдениетін көтеру жолында күресу дәуірі тұр» деген үндеу жарияланды. V съезд қабылдаған қарарда республикадағы өнеркәсіпті дамыту, алдағы онжылдықта теміржол және жергілікті жол қатынасын, байланыс құралдарын, көшпелі және ауылдардағы жылжымалы поштананы дамыту, радио-телеграф жүйелерін кеңейту шаралары қабылданды. Сондай-ақ, мал шаруашылығын дамыту үшін республиканы 3 ауданға: біріншісі – егіншілік-мал шаруашылығы сипатындағы, екіншісі – жайылымдық жер басым орын алатын, үшіншісі – бірыңғай мал шаруашылығы үстемдік құратын аудандарға бөлу келісілді.

Басқосуда бұрынғы Түркістан республикасы губерниялары мен Қарақалпақстан автономиялы облысының бірқатар аудандарының қосылуы, 1920-1921 жылдары қоныс аударғандардың келуі, белең алған құрғақшылық салдарынан онсыз датар жердің құрылымын қайта құру қиындық туғызып отырғаны айтылды. Суландыру туралы мәселе терең талқыланып, Сырдария, Өмүдария және Қазақстанның басқа да өзендерінің суын іргелес жатқан республикалармен бөлісу, суармалы егіншілік экономикасын қалыптастыру, су шаруашылығы кадрларын дайындау үшін Қызылорда гидротехникумын ашуға қаржы бөлінді.

Осы съезде ұлттық-мемлекеттік құрылыс саласына қатысты маңызды тарихи шешімдер қабылданып, өкімет органдары сайланды. Мәселен, Сыр бойында туып-өскен Сүлеймен Есқараев Ішкі істер халық комиссары, Бейғайдар Аралбаев Қазақ АКСР Атқару комитетінің хатшысы болды.

Қазір Қызылорда қаласындағы Сырдарияның сол жағалауында қазақ тарихындағы тағдыршешті жандардың бірі – Қазақ АССР Кеңестерінің V съезі өткен Қазақ орталық атқару комитеті үйінің үлгісімен жаңа ғимарат салынды. Бұл – тарихқа құрметтің үлгісі.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы».

ЖҮРСІННІН ЖҮІРІКТЕРІ

ЖЕРЛЕСТЕРДІН ЖҮЛДЕСІ

«Qazaqstan» Ұлттық телеарнасында өткен «Жүрсіннің жүйріктері» жобасы ақтық мәреге жетті. Алты айға созылған жүйріктер бәйгесінде бас жүлдені бабы мен бағы қатар шапқан, дарынды ақын, «Алтын домбыраның» екі мәрте иегері Мұхтар Ниязов қанжығалады.



Түрлі тақырыптарда сөз қозғап, оралымды оймен озық шыққан ақын бас жүлде үшін сөз додасында қарағандылық Дидар Қамиевпен бәске түскен болатын. Жобада бұған дейін Серікат Дүйсенгазин, Тілеген Әділов, Рүстем Қайыртайұлы секілді алуынды ақындармен айтқан ол Дидардан да оқ бойы оза шықты. Осылайша, халықтың сара сөзінің сахнада салтанат құруында аянбай тер төкті, асыл мұрамызды тағы бір бәлеске көтерді. Сыр елі үшін ақынның бұл жеңісі үлкен сый болды.

Айта кету керек, «Жүрсіннің жүйріктері» – ежелден қалыптасқан айттық өнерін шоу қойылымдар арқылы жаңа биікке көтеріп, ел ішінде, жастар арасында айттық өнердің мәртебесін қалыптастыратын мега-жоба. Бұл айттыққа 20 ақын қатысса, оның ішінде тағы бір жерлесіміз Ержан Әміров үшінші орын төрін көрсінді. Қара сөзді қадірлеп, ел абыройын асқақтатқан қос ақынның бірі өз кезегімізде тек сәттілік тілейміз.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

Оқиға



ЖЕТІ АДАМДЫ ҚҰТҚАРДЫ

Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағының сарбаздары Қамбаш көлінде ығып кеткен демалушыларды құтқарып, жағалауға жеткізді.

Сегізінші шілде күні Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағының диспетчерлік бөліміне Қамбаш көлінде 7 адамның сал үстінде ығып бара жатқандығы жөнінде хабар түседі. Жедел жеткен құтқарушылар жағалаудан жеті шақырым алыстап кеткен демалушыларды қайыққа көшіріп, жағаға жеткізді. Демалысқа келіп, тосын жайға тап болғандар қиын сәтте қастарынан табылған құтқарушыларға алғысын жеткізді.



РУХАНИ
ЖАҢҒЫРУ

СЕЛЖҰҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ СҰЛУЫ


Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы – тарихи кезеңдерге сыйдарлы баға беріп, қазақ елінің рухани даму бағытын айқындайтын ой-толғау. Қоғамның рухани жаңғыруына халықтың дәстүрі мен ұлттық мәдениеті негіз болуы тиіс бағытты ұстану кешегі мен бүгінді, бүгін мен ертеңді жалғастырады.

Тарихи тұлғаларды мәңгі еске сақтауда ескерткіштер мен кесене белгілердің орны бөлек. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізді, бай тарихымыздың құндылықтарын көрсетеді.

Аталған жобаға аймағымыздан 12 ескерткіш жалпыұлттық, 35 ескерткіш өңірлік маңызы бар қасиетті орындар тізіміне енгізілді. Өйткені, Сыр өңірі – көне түркі мәдениетіндегі ежелгі эпикалық аймақтардың бірі. Мәселен, орта ғасырдағы оғыз аруы – Бегім ана жайындағы аңыздар талайды таңдайын қақтырғаны көпке мәлім. Ендеше назарыңызға Қарабура әулиенің қызы, Селжұқ мемлекетінің ханы Санжардың әйелі – Бегім ана жайындағы аңызды ұсынамыз.

XI ғасыр тұсында Оғыздар тайпасының билеушісі Мәлік шахтың патшалық құрған тұсында Селжұқ елі әбден кемеліне келген екен. Мәлік шах өлгеннен соң таққа оның баласы Санжар отырады.

Санжар сұлтан ел астанасын Қорасаннан Жанкент қаласына көшіріп, шаһарды мықты бекініске айналдырады. Ел билеуден бөлек, саятшылықты серік еткен сұлтан Созақ маңайында өмір сүрген Қарабура әулиенің қызы Бегім сұлға үйленеді.



Көркіне ақылы сай, парасаты мол Бегім сұлу сұлтанды сан қырлы қасиеттерімен баурап алса керек.

Ел аузында, «Бегім анаға жалсалған қастандықтың ақыры тұтас мемлекеттің күйреуіне апарды деген аңыз» кең тараған. Ол көптеген шығармалар мен дастандарға арқау болғаны да белгілі. Сол аңыздар желісін қайта тірілсек, былайша өріледі: Санжар хан аңға шығып бара жатып үйінде қалып қойған қанжарын әкелуге құлын жұмсайды. Құл ханның жұмсағанын айтып, Бегім сұлудан қанжарды беруін өтінеді. Қанжарды аларда Бегім сұлудың аппақ қолын көрген құл есінен айырылып құлап қалады. Оның кешіккенінен күдіктенген ханға құл: «Ханның білегімен ұстап, жібермей қалды» депті. Санжар ақ-қарасын тексермей, Бегім сұлудың оң қолын, оң

бұрымын кесіп, оң танауын тіледі де, зынданға тастайды.

Келесі күні Қарабура әулие қиналып жатқан қызының түсіне кіріп: «Балам, шыныңды айт. Ақпысың, әлде қарамысың? Ақ болсаң, Аллаһ жәрдем беріп, жаранды жазар, қара болсаң қарғар, тек турасын айт!», депті. Сонда Бегім жылап тұрып: «Ата-жан, құдай атымен сіздің алдыңызда ант етемін! Егер, Санжарға қиянат жасасаң, тәңірі атсын, өмірімді қысқартсын. Ақпын, ата!» – деп зар еңіреді.

Осыдан соң Қарабура Санжардың да түсіне кіріп: «Сен де бір балам едің. Егер менің қызым арам болып, саған қиянат істесе, келесі күні сол қолы, сол бұрымы кесіліп, сол танауы тілінген күйде мүгедек болып қалсын! Егер, керісінше болса, қызымның ақ пен қарасын тексермей, жаза қолданғанда

бір ауыз әділ сөзін айтпаған сенің шаһарыңды тірі адам қалдырмай жылдан жұтсын!» дейді.

Келесі күні таң ата хан зынданға адам жібереді. Жіберген адамы барса, Бегім баяғы сау қалпында отыр екен. Содан бастап ханды үрей билейді. Кеш болады. Хан кеңешілерімен отырғанда іңір уақытында аспаннан бір мес шаһардың ортасына түсіп жарылады. Местің іші толған жылан екен. Жылан қала сыртына тірі жанды шығармай, шағып өлтіреді. Көне аңыз желісі жайнап тұрған Жанкент шаһары қатыгез ханның кесірінен қас пен көздің арасында опат болғанын айтады.

Ал, Бегім сұлу болса мұнара салдырып: «Мұнан былай еркек атаулыны көрмеймін» деп, қалған жұмбақ ғұмырын сол мұнараның ішінде өткізіпті. Ата-бабасының қасиеті дарып, кейіннен Бегім ана әулие атанады.

Қазіргі таңда Бегім ана мұнарасы Арал ауданының аумағындағы «Барсақелмес» қорығында орналасқан. Жергілікті халық Бегім сұлуды тазалықтың белгісі санайды. Елі ардақ тұтқан сұлуды махаббатқа адал жан ретінде бейнеледі.

Бұл аңыздың айтылып келе жатқанына он ғасырға жуық уақыт өтті. Аңыз түрінде тілге тиек етілетін әңгімені ұйып тындайсың. Бегім сұлудың ерекше қадір-қасиетіне таңғаласың. Әлі де ел жадынан өшпей келеді. Ұрпақтан ұрпаққа ұлағат болып тараған. Қанша уақыт өтсе де, халық Бегім ана мұнарасына туя етіп, ол жерді қасиетті мекен санайды.

Бегім ана мұнарасы қазақ жеріндегі алғашқы мұнаралы ескерткіштердің тізіміне кіреді. X-XI ғасырларға жататын сәулет ескерткіші болып саналатын мұнара қам кесектен тұрғызылып, шаршы пішінді күйдірілген кірпішпен қапталған. Ол сегіз қырлы prizma іспетті күмбезбен жабылған. Мұнараның діңі ортасына дейін монолитті, одан жоғары дөңгелек күмбезді камера орналасқан. Жоғарыда көрсетілгендей, Бегім ана аңызға арқау ғана емес, тарихтан хабар беретін бірден-бір сәулет ескерткіші.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ,
«Сыр бойы».

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшыларының 2018 жылдың екінші жартыжылдығына арналған жеке және заңды тұлғалар өкшелерін қабылдау КЕСТЕСІ

Лауазымы	Т.А.Ә.	Қабылдау күні	Мекен жайы	Қызметтік телефон
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы	Серік Жолдасбекұлы Мұстафаев	04.07.2018 ж. 01.08.2018 ж. 05.09.2018 ж. 03.10.2018 ж. 07.11.2018 ж. 05.12.2018 ж.	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64 «Г»	23-81-14
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары	Мұса Оспанұлы Қалдарбеков	10.07.2018 ж. 14.08.2018 ж. 11.09.2018 ж. 09.10.2018 ж. 13.11.2018 ж. 11.12.2018 ж.	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 64 «Г»	23-81-14
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары	Елтай Азатұлы Бекмурзин	19.07.2018 ж. 23.08.2018 ж. 20.09.2018 ж. 18.10.2018 ж. 22.11.2018 ж. 20.12.2018 ж.	Қызылорда қаласы, Тасбоғет кенті, Ш.Есенов көшесі, 16	21-50-88
Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары	Нұрлыбек Шоңжарұлы Бимурзаев	27.07.2018 ж. 31.08.2018 ж. 28.09.2018 ж. 26.10.2018 ж. 30.11.2018 ж. 28.12.2018 ж.	Қызылорда қаласы, Тасбоғет кенті, Ш.Есенов көшесі, 16	21-58-27

Қабылдау сағат 15:00-ден 18:00 аралығында жүргізіледі. Қабылдауға жазылу 8 (7242) 23-81-14, 21-50-88, 21-58-27 телефондары бойынша. E-mail: obch@tax.mgd.kz; kzl.priemnaya2@kgd.gov.kz

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Кезекші редактор Ыдырыс ТӘЖІЛҰЛЫ.

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу күнәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 28473
Тапсырыс №1090

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz